

Ержан Ибраев¹, Майра Дюсембекова²

*¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Саясаттану кафедрасының докторанты,
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: erzhan-83@mail.ru*

*²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Саясаттану кафедрасының доценті,
саяси ғылымдарының кандидаты
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: maira.eni@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ САЯСАТТЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІН ТАЛДАУ

Аңдатпа. Бүгінгі таңда Қазақстанда 140 этнос пен 18 конфессиялық топ өкілдері өмір сүруде, сондықтан олардың дамуы мен бейбітшілігі үшін қолайлы жағдай жасалған. Қазақстандағы діндердің өркендеуі діни сенім бостандығы, рухани даму, елдегі азаматтық татулық пен конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайтуға бағытталған мемлекеттің жемісті саясатының нәтижесі болып саналады.

Соңғы уақытта дін мен конфессияаралық қатынас аясындағы жағдай айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Діни ахуалдың жай-күйі мен жалпы алғанда діндердің динамикасына жасалған талдау өскелең ұрпақ өкілдерінде діндарлықтың артқандығын байқатады. Бұл үрдіс жеке тұлғаның табиғи рухани қажеттілігі тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ, қоғамда қалыптасқан мәдени және рухани дәстүрге нұқсан келтіретін деструктивті діни ағымдардың әрекеттері арқылы да өсуде. Осы орайда, бұл мақалада дін саласындағы мемлекеттік саясаттың кейбір аспектілері бойынша азаматтардың пікірін анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтанулық сұраудың нәтижелерін талдау қамтылған.

Түйін сөздер: *зайырлылық, мемлекет, діни бірлестіктер, респонденттер, дін саласындағы мемлекеттік саясат, әлеуметтанулық зерттеу.*

Ержан Ибраев, Майра Дюсембекова
**АНАЛИЗ НЕКОТОРЫХ АСПЕКТОВ РЕЛИГИОЗНОЙ
ПОЛИТИКИ В КАЗАХСТАНЕ**

Аннотация. В настоящее время в Казахстане совместно проживают представители более 140 этнических и 18 конфессиональных групп, между которыми в стране сформированы благоприятные условия для сосуществования и развития. Развитие религий в Казахстане является результатом проводимой государством выверенной политики, направленной на обеспечение свободы вероисповедания, духовного прогресса, сохранения и укрепления гражданского мира и межконфессионального согласия в стране.

За последние два десятилетия ситуация в области религий и межконфессиональных отношений значительно изменилась. Анализ состояния и динамики религиозной ситуации показывает, что религиозность подрастающего поколения возрастает. Причем оно возрастает не только за счет естественной потребности личности в духовном самоопределении, но и за счет деятельности псевдорелигиозных организаций, которые стремятся разрушить сложившиеся в обществе общепринятые культурные и духовные традиции. В этой связи, в данной статье проведен анализ результатов социологического опроса, целью которого является определение мнения граждан по некоторым аспектам государственной политики в религиозной сфере.

***Ключевые слова:** светскость, государство, религиозные объединения, государственная политика в сфере религий, социологическое исследование.*

Erzhan Ibrayev, Maira Dyussebekova
**ANALYSIS OF SOME ASPECTS OF RELIGIOUS POLICY IN
KAZAKHSTAN**

Abstract. Currently, representatives of more than 140 ethnic and 18 religious groups live together in Kazakhstan, among which favorable conditions for coexistence and development have been formed in the country. The development of religions in Kazakhstan is the result of a well-established state policy aimed at ensuring freedom of religion, spiritual progress, preservation and strengthening of civil peace and interfaith harmony in the country.

Over the past two decades, the situation in the field of religions and interfaith relations has changed significantly. The analysis of the state and dynamics of the religious situation shows that the religiosity of the younger generation is increasing. Moreover, it increases not only due to the natural need of the individual for spiritual self-determination, but also due to the activities of pseudo-religious organizations that seek to destroy the generally accepted cultural and spiritual traditions that have developed in society. In this regard, this article analyzes the results of a sociological survey, the purpose of which is to determine the opinion of citizens on some aspects of state policy in the religious sphere.

Keywords: secularism, state, religious associations, state policy in the sphere of religions, sociological research.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы дінаралық және конфессияаралық диалог пен келісімді ілгерілетуде бірегей тәжірибесі бар демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде қалыптасты.

Мемлекеттік-конфессиялық өзара қарым-қатынастардың негізінде барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігі, тілі мен дініне қарамастан әрбір азаматтың діни нанымдарына құрметпен қарау қағидатын қамтитын зайырлы моделі өзінің өміршеңдігін көрсетті. Зайырлылық – бұл мемлекеттік атеизмнен және бір дінді жалпыға бірдей немесе ресми ретінде мойындаудан бір мезгілде бас тарту арқылы сенім мен ар-ұждан бостандығы мәселелерінде азаматтардың толық теңдігін қамтамасыз етуші мемлекеттің сипаттамасы. Зайырлы мемлекетте ресми, мемлекеттік дін жоқ және ешбір дін міндетті немесе артықшылықты деп танылмайды [1, 176.].

Ал мемлекеттік билік органдары мен діни бірлестіктер арасындағы өзара ықпалдасудың бағыт-бағдарлары әрқайсысының өз қызмет аясында айқындалған. Жалпы қалыптасқан түсінік бойынша, зайырлылық қағидаларының біріне діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлектенуі, олардың мемлекеттің істеріне араласпауы, сондай-ақ, мемлекет діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпауы мен олардың діни автономия құқығын мойындауы жатады. Алайда, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлектену қағидаты діни бірлестіктер мен дінге сенушілердің қоғамдық өмірден шеттетілгенін білдірмейді. Мемлекет діндар азаматтарды Қазақстанның толық құқықты азаматтары ретінде, ал діни бірлестіктерді - әлеуметтік

пайдалы қызметтерді: қайырымдылық көрсетушілік, мәдени-ағартушылық, гуманитарлық функцияларды жүзеге асырудың маңызды қатысушылары ретінде есептейді және осындай қызметті атқаруда олармен әріптестік орнатады.

Осы тұрғыда бүгінгі таңдағы мемлекеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- зайырлы және діни сенім арасындағы оң динамиканы сақтау;
- мемлекеттің зайырлы негіздерін нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру;
- мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды жетілдіру;
- діндар азаматтардың радикалдануының алдын алу;
- деструктивті ағымдарды ұстанушылар санын азайту;
- жеке тұлғаның өміріне, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп, қауіп төндіретін деструктивті идеялардың таралуына жол бермеу.

Бүгінгі таңда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне қарасты Дін істері комитетінің мәліметіне сәйкес елімізде 2020 жылдың маусым айы жағдайы бойынша 3816 діни бірлестік ресми тіркелген [2].

2020 жылы әлем бойынша тараған коронавирус (COVID-19) жұқпалы індеті көптеген мемлекеттердің тұрмыс-тіршілігіндегі күн тәртібінде түбегейлі өзгерістерге әкеліп соқты. Қоғамдық жүйенің барлық салалары дерлік өздерінің қызмет аясын қалыптасқан төтенше жағдайға байланысты бейімдей бастады. Аталған үдерістерден дін саласы да тыс қалған жоқ.

Елде төтенше жағдай жарияланып, карантиндік шаралар енгізілген сәттен бастап барлық діни бірлестіктерінің қызметі тоқтатылды, құлшылық ету және жаппай діни іс-шаралар саласы санитарлық нормалардың талаптарына сәйкес елеулі өзгерістерге ұшырады. Мәселен, Қазақстан мұсылмандары діни бірлестігінің ресми сайтында: «Елде төтенше жағдайдың енгізілуіне, сондай-ақ вирустың таралу қаупінің жоғарылауына байланысты мешіттерде жұма намазы уақытша өткізілмейді» [3].

Сондай-ақ, эпидемиологиялық жағдай мемлекеттік органдардың, оның ішінде дін саласында функцияларды жүзеге асыруға өкілетті органдардың қызметіне де айтарлықтай әсер етті. Мәселен, олар халық арасында дін саласы бойынша жүргізіп жатқан ақпараттық-түсіндіру жұмыстары әлеуметтік желілер арқылы онлайн-форматқа көшірілді. Осы орайда, пандемия жағдайында

дін саласындағы мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуының тиімділігін анықтау мақсатында азаматтардың арасында сауалнама жүргізілді.

Аталмыш зерттеудің **негізгі мақсаты** дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы қоғамдық пікірді зерделеу және мемлекеттік органдардың оны іске асыруының тиімділігін бағалауды айқындау болып табылады.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей **міндеттер** қойылды:

1. *дін саласындағы мемлекеттік саясатты азаматтардың қолдау деңгейін анықтау;*

2. *азаматтардың діни сезімдеріне қысым жасалу фактілерінің орын алу деңгейін айқындау;*

3. *дін саласындағы іске асырылып жатқан мемлекеттік саясат жұмысының тиімділігін бағалау;*

4. *Қазақстанның зайырлы мәртебесіне респонденттердің қатынасын айқындау;*


5. *мемлекеттің дін саласын реттеу механизмдеріне қатысты азаматтардың ұстанымын анықтау;*

Зерттеу әдістемесі

Жұмыстың әдіснамалық негізін дін саласындағы мемлекеттік саясатқа қатысты қоғамдық пікірді әлеуметтанулық сұрау арқылы зерделеу, оның нәтижелерін талдау және гипотеза ұсыну әдістері құрайды.

Зерттеу нәтижелері

Көпконфессиялы қоғамдағы діни ахуалдың тұрақтылығы мемлекеттің осы саладағы іске асырып жатқан саясатының тиімділігіне байланысты екені белгілі. Осы тұрғыда азаматтардың бұл мәселедегі пікірін білу маңызды. Сондықтан респонденттерден діни саясатты іске асырудағы мемлекеттік шараларға тиісті бағасын беру сұралды. Алғашқы сұрақтың нәтижесі көрсеткендей, *«толық қолдаймын»* және *«негізгі бағыттары бойынша қолдаймын»* нұсқаларының жиынтығы 88,6 пайызды құрап отыр. Сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 9,6%-ы мемлекет іске асырып отырған діни саясатты қолдауға қатысты теріс пікір білдірді.




№1-диаграмма. Дін саласындағы мемлекеттік саясатты қолдау

Мемлекеттің дін саласындағы саясаты дұрыс бағытта екендігін осы диаграммадан байқауға болады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының дін саласындағы заңнамасы азаматтардың діни сенім бостандығы мен елдің діндар азаматтарының құқықтарына қысым жасалуына жол бермеу мәселесінде олардың құқықтарын қамтамасыз етеді және қорғайды.

Осы тұрғыда респонденттерден діни себептер бойынша олардың құқықтарына қысым жасалуы жайында сұралды. Әлеуметтанулық зерттеуге қатысушылардың 79,9%-ы мұндай қысымды сезінбейтіндерін білдірді. Сондай-ақ, респонденттердің 15,2%-ы «иә-дан гөрі, жоқ, сезінбеймін» деген нұсқасын таңдаған. Осылайша, діни себептер бойынша құқықтарына қысым жасау фактілерінің болмауының жалпы көрсеткіші 95,1%-ды құрады. Ал, діни себептер бойынша құқықтарына қысым жасау фактілерінің болуын растайтын жиынтық көрсеткіш 2,2%-ды құрады.



№2-диаграмм. Респонденттердің діни себептер бойынша құқықтарына қысым жасалуды сезіну фактілері

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер бойынша респонденттердің басым көпшілігінің (95,1%) діни себептер бойынша өз құқықтарына

қысым жасалмағандығын білдіруі оң көрсеткіш екендігін атап өткен жөн.

Көпконфессиялық қоғамда дінаралық татулық пен диалогтың, жалпы қоғамдағы тұрақтылықтың қамтамасыз етілуі мемлекеттік органдардың қызметімен тығыз байланысты. Осы орайда сауалнамаға қатысушыларға діни саясаттың түрлі бағыттары бойынша қызметтердің тиімділік дәрежесін анықтау ұсынылды. Осылайша, респонденттердің пікірінше, тиімділіктің ең жоғары көрсеткіштері бар бағыттар - «*діни негіздегі жанжалдар мен терактілердің алдын алу*» - 95,8%, «*діни экстремизм мен терроризм көріністеріне қарсы іс-қимыл*» - 91,1%, «*дәстүрлі конфессиялардың дінбасыларымен өзара әрекеттесу*» - 90,9%, «*ғылыми дінтану*», сондай-ақ, «*елдегі діни ахуалды әлеуметтік зерттеу*» - 90,3% құрайды.

Осы әлеуметтік зерттеуге қатысушылар «*деструктивті сипаттағы жаңа діни ілімдердің таралуының алдын алуды*» - 13,7%, «*дін саласындағы заңнаманы жетілдіруді*» - 8,1%, «*діни ахуалды талдауды және болжауды*» - 7,2% діни саясаттың тиімсіз құралдары деп көрсеткен.

№3-кесте. Дін саласындағы мемлекеттік саясат жұмысының тиімділігін бағалау

Жауап нұсқалары	Тиімді	Негізі тиімдірек	«Ия» дегеннен гөрі тиімді емес	Тиімді емес	Жауап беруге қиналамын
БАҚ арқылы діни ағартушылық жұмыстар	16,30%	62,80%	3,50%	1,30%	16,10%
Әдебиеттерге дінтану сараптамасын жасау	20,60%	62,50%	2,90%	1,10%	12,90%
Деструктивті сипаттағы жаңа діни ілімдердің таралуының алдын алу	15,40%	70,10%	10,40%	3,00%	1,10%
Дәстүрлі конфессиялардың дінбасыларымен өзара әрекеттесу	21,70%	69,20%	0,20%	1,10%	7,80%
Дін саласындағы заңнаманы жетілдіруді	12,40%	73,80%	6,60%	1,50%	5,70%
Елдегі діни ахуалды ғылыми дінтанулық, сондай-ақ әлеуметтанулық зерттеу	19,70%	70,60%	1,30%	1,40%	7,00%
Діни ахуалды талдау және болжау	13,20%	70,40%	5,30%	1,90%	9,20%

Жауап нұсқалары	Тиімді	Негізі тиімдірек	«Ия» дегеннен гөрі тиімді емес	Тиімді емес	Жауап беруге қиналамын
Діни негіздегі жанжалдар мен терактілердің алдын алу	24,60%	71,20%	0,00%	0,00%	4,20%
Діни экстремизм мен терроризм көріністеріне қарсы іс-қимыл	18,30%	72,80%	0,00%	0,00%	8,90%
Конфессияаралық қатынастарды реттеу	16,80%	71,90%	0,00%	0,00%	11,30%

Қазақстандық көпэтникалық және көпконфессиялық қоғам жағдайындағы тұрақтылық факторларының бірі толеранттылық (төзімділік) және дінаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады. Осы бағыттағы мемлекеттік саясатты іске асырудағы мемлекеттік органдардың қызметін бағалау ұсынылды. Алынған нәтижелерге сәйкес, респонденттердің 70,2%-ы осы мәселеде мемлекет жүргізіп отырған саясатты толық қолдайды. Өз кезегінде, сауалнамаға қатысушылардың 20,0% - ы негізгі бағыттар бойынша ішінара қолдау білдірді. Алайда, сұралған респонденттердің 6,3%-ның пікірінше, мемлекет жүзеге асырып отырған толеранттылық (төзімділік) және дінаралық келісім саясаты оларда толық қолдау сезімін тудырмайды. Бұл ретте, респонденттердің 1,9%-ы іске асырылып жатқан толеранттылық саясатын толық қолдамайды. Осы сұраққа респонденттердің 1,6%-ы жауап беруге қиналамын нұсқасын таңдаған.



№4-диаргамма. Респонденттердің мемлекет жүргізіп отырған толеранттылық (төзімділік) және дінаралық келісім саясатын қолдау деңгейі

Зайырлы мемлекеттің негізгі қағидаларының бірі ол – «*мемлекеттің кез келген діннен тәуелсіздігі, сол сияқты діннің мемлекеттен тәуелсіздігі*» [4, 6 б.]. Алайда, Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017–2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында «*.....мемлекет азаматтарының құқықтары мен қоғамдық қауіпсіздіктің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында діни ұйымдардың қызметін реттеуге құқылы*» - деп көрсетілген [5].

Осыған орай респонденттерге «*мемлекеттің діни бірлестіктердің қызметін реттеуі керек пе?*» - деген пікір білдіру ұсынылды. Нәтижесінде, респонденттердің 47,2%-ы «*мемлекет жаңа діни ұйымдардың қызметін бақылауы тиіс*» - деп есептейді. Өз кезегінде сауалнамаға қатысушылардың 16,9% - ы «*мемлекет дәстүрлі діндерге қолдау көрсетуі тиіс*» - деп санайды. «*мемлекет қандай да бір дінді қолдамауы тиіс*» - деген пікірмен бөліскен респонденттердің үлесі 3,3%-ды құрап отыр. Сондай-ақ, сауалнамаға қатысушылардың 7,6%-ы «*мемлекет діни ұйымдардың қызметіне қандай да бір түрде әсер етпеуі тиіс*» - деген сенімде. Зерттеуге қатысушылардың 3,0%-ы «*мемлекет кез келген діни ұйымның елде кедергісіз әрекет ету мүмкіндігін шектемеуі тиіс*» - деп санайды. Респонденттердің 18,4%-ы «*барлық діни ұйымдардың қызметін ішінара реттеу қажеттілігін*» көрсеткен.




№5-диаграмма. Діни бірлестіктердің қызметін мемлекеттік реттеуді бағалау

Еліміздің Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы әрбір азаматының ар-ождан бостандығына кепілдік бере отырып, өзін зайырлы мемлекет ретінде орнықтырады. Зайырлы мемлекет,

ең алдымен, дін мен мемлекеттік басқарудың бөлінуімен анықталады.

Осы әлеуметтанулық зерттеу аясында сауалнамаға қатысушылардан еліміздің зайырлы мәртебесіне деген көзқарасын анықтау ұсынылды. Зерттеудің нәтижесінде респонденттердің 61,5%-ы Қазақстан Республикасының зайырлы мемлекет болып табылатынын мақұлдайды. Ал керісінше, Қазақстанды зайырлы мемлекет ретінде «негізінен» және «толық мақұлдамаймын» дейтін респонденттердің жиынтық көрсеткіші 29,8%-ды құрап отыр. Сауалнамаға қатысушылардың қалған 8,7% үлесі осы сұраққа жауапты таңдау туралы шешім қабылдай алмады.



№6-диаграмма. Қазақстан Республикасының зайырлылық мәртебесіне қатынасы

Қорытынды

Қорытындылай келе, зерттеу барысында алынған нәтижелерге сәйкес келесідей гипотезаларды топшылауға болады:

- 1) Елдегі діни ахуал тұрақты деген баға беруге болады.
- 2) Сондай-ақ, азаматтар дін саласындағы жүзеге асырып жатқан мемлекеттік саясатты, еліміздің зайырлы мәртебесін қолдайды.
- 3) Ал осы мәселеде мақұлдамайтын азаматтар дін саласында мемлекет іске асырып жатқан шаралардан мүлдем хабары жоқ немесе нашар хабардар болуы мүмкін.
- 4) Өз кезегінде, діни себептерге байланысты діни сенімі мен ар-ождан құқығына қысым жасалмауының жоғары көрсеткіші азаматтарға қоғамдағы діни жағдайдың қолайлылығын көрсетеді.
- 5) Дегенмен, деструктивті діни идеялардың таралуы мәселесінде азаматтардың арасында алаңдаушылық байқалады. Бұл тұрғыда қазақстандық зерттеуші Ұ.Шубаева өзінің «Қазақстандағы жаңа

діни бірлестіктерге әлеуметтанулық талдау жүргізу» атты ғылыми мақаласында: *«Жалпы Қазақстан жерінде кеңінен жайылған қауіпті секталардың шырмауынан шығудың психологиялық әдістерімен қатар оны алдын алу мақсатымен келесідей екі сатылық шаралар қолдану керек деп есептеймін. Олар: біріншісі, халыққа зиянды діни ағымдар туралы мәліметтерді толыққанды түрде тарату болса, екіншісі, халыққа дінін, ұлттық және рухани құндылықтарын ұйрету, діни сауаттылыққа мектеп қабырғасынан бастап тәрбиелеу, секта шырмауына түскен адамдарға көмек көрсетіп, әрі қарай қолдап отыратын психолог мамандардан, социологтар, дінтанушылардан тұратын орталықтар ашып, секталар туралы мағлұматтар жазылған әдебиеттер тарату керек»* [6, 51 б.] – деп санайды.

Осы орайда, азаматтардың елдегі діни ахуалды ғылыми тұрғыда зерттеу тиімді деген пікірлерін ескере отырып, дін саласында жан-жақты ғылыми зерттеулердің аясын кеңейту қажет деп тұжырымдаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сборник материалов по основным вопросам религиозной сферы: в помощь государственным служащим // Под общей редакцией Г.Н. Шойкина. – Астана. Агентство РК по делам религий. 2014. – 193 с.
2. Діни қызмет саласындағы статистикалық деректер: тіркелген діни бірлестіктердің және олардың филиалдарының саны [Электронды ресурсы] // URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/din/documents/details/41861?lang=kk> (қаралған күні: 26.08.2021)
3. ДУМК: Фетва касательно чтения пятничной и пятикратной молитвы во время объявления чрезвычайного положения // URL: <https://www.muftayat.kz/ru/news/resmi-kuzhattar/2020-03-17/30602-dumk-fetva-kasatelno-chteniia-piatnichnoi-i-piatikratnoi-molityu-vo-vremia-obiavleniia-chrezvychainogo-polozheniia> (дата обращения: 27.08.2021)
4. Дін саласындағы өзекті тақырыптарға арналған 20 сұрақ пен жауап. 1 шығарылым: мемлекет және дін / Жауапты редакторлар: Г.Н. Шойкин, А.П. Абуов. – Астана, 2014. – 34б.
5. «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 1 маусымдағы № 325 қаулысы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000325> (қаралған күні: 28.08.2021)
6. Ұ.Қ. Шубаева. Қазақстандағы жаңа діни бірлестіктерге әлеуметтанулық талдау жүргізу // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Хабаршысы», «Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы, №3(67), 2019.

REFERENCES:

1. Sbornik materialov po osnovnym voprosam religioznoi sfery v pomoshch' gosudarstvennym sluzhashchim [Collection of materials on the main issues of the religious sphere: to help civil servants] // Pod obshei redaktsiei G.N. Shoikina.. – Astana. Agentstvo RK po delam religii. 2014. – 193s.
2. Dini qyzmet salasyndaǵy statistikalyq derekter: tirkelgen dini birlestikterdiń jáne olardyń filialdarynyń sany [Statistical data in the field of religious activity: number of registered religious associations and their branches] // URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/din/documents/details/41861?lang=kk> (date accessed: 26.08.2021)
3. DUMK: Fetva kasatel'no chteniya pyatnichnoi i pyatikratnoi molitvy vo vremya ob'yavleniya chrezvychainogo polozheniya [Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan: Fatwa regarding the recitation of Friday and five-fold prayers during the declaration of a state of emergency]. // URL:<https://www.muftyat.kz/ru/news/resmi-kuzhattar/2020-03-17/30602-dumk-fetva-kasatel'no-chtenii-piatnichnoi-i-piatikratnoi-molitvy-vo-vremia-obiavleniia-chrezvychainogo-polozheniia> (date accessed: 27.08.2021)
4. Din salasyndagy ozekti takyryptarga arnalgan 20 surak pen zhauap. 1 shygarylym: memleket zhane din [20 questions and answers on topical issues in the field of religion. Issue 1: state and religion] / Zhauapty redaktorlar: G.N. SHojkin, A.P. Abuov. Astana, 2014. – 34p.
5. «Kazakstan Respublikasynyn din salasyndagy memlekettik sayasatynyn 2017 – 2020 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly» Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti Zharlygynyn zhobasy turaly Kazakstan Respublikasy Ykimetinyn 2017 zhylygy 1 mausymdagy № 325 kaulysy. [«Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated June 1, 2017 No. 325 on the draft decree of the president of the Republic of Kazakhstan» on approval of the concept of state policy of the Republic of Kazakhstan in the religious sphere for 2017-2020] // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000325> (date accessed: 28.08.2021)
6. U.K. Shubaeva. Kazakstandagy zhana dini birlestikterge aleumettanulyk taldau zhyrgizu [Conducting sociological analysis of new religious associations in Kazakhstan]. Abai atyndagy Qazaq ulttyq pedagogikalyq universiteti, «Habarshy» gylimi jurnalny, «Aleumettanu jane saiasi gylymdar» seriasy», №3(67), 2019.